



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

448 бет.

3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы: Оқулық. 3-басылым толықт. – Астана: Фолиант, 2013. – 400 бет.
4. Аймауытов Ж. Қартқожа: роман; Мағжанның ақындығы: әңгіме/Жүсіпбек Аймауытов. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 198 б.
5. Тұрысбек Р. Жазушы еңбегі және шығармашылық: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 228 бет.
6. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1999. – 321бет.
7. Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. – 384 бет.

ӨОЖ 81-26

ИНТЕРНЕТ – ЖАҢА ТЕРМИНДЕР ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ (отандық және шетелдік тәжірибеден)

Исламова Зухра Алишерқызы

r-arna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Қазақ тілі және әдебиеті» бөлімі 2 курс магистранты (МҚТӘ-21)
Ғылыми жетекшісі: Сәрсекке Г.Ә.

Заман көші ілгерілеп, бүгін хат-хабар алмасу, танысу, әңгіме-дүкен құру, ақпарат жеткізу, пікір білдіріп, оны ортаға талқыға салу сынды қарым-қатынастың сан алуан түрі интернет ортасында қарқынды дамып келеді. Интернет пайдаланудың уақыт жиелігі артқан сайын оның қатарына қосылушылар саны да сағат сайын артып отыр. Бұл орта миллиондаған адамдарды тоғыстырса да, мұндағы виртуалды сұхбат шынайы өмірдегі жүзбе-жүз сұхбаттан біраз бөлек және өзіндік ерекшеліктерге ие.

Кей интернет пайдаланушылары желіні электронды пошта үшін, енді біреулер бейнелі-чатта сұхбат құру мақсатында, тағы біреулер пікірталастар мен ой бөлісу, ой алмасу немесе форумдардан кеңес алу үшін өз ісіне жаратып жатады. Осындай мақсатта қолданылатын интернеттің басты байланыс құралы ол, әрине, тіл. Бүгінде тілдің түрлі гаджеттік құрылғылар арқылы [ақпарат](#) таратып, оны қабылдап, екі тұлға арасында виртуалды байланыс орнатуда маңызы зор. Тұрмыс тілінен өзінше ерекшеленетін интернеттегі жазба тіл сұхбат барысында мағыналық, түсіністік жағынан қиындықтар тудырмау мақсатында символдар мен таңбалардың, арнайы интернет терминдердің көмегіне жүгіне отырып, жаңа интернет тілінің пайда болуына септігін тигізді.


Қазірде интернет тілінің ұғынықты әрі жеңіл, түсінуге оңай жеткізілуі үшін желідегі екі сұхбаттасушы қажет санайтын мүмкіндіктердің маңыздылары компьютер мамандары тарапынан жаратылып келеді. Күлегеш символдар мен таңбалы бейнелерге, интернет терминдеріне желі аудиториясы да бірте-бірте бейімделіп, бүгінде интернет жазбасы онсыз өмір сүрмейтін дәрежеге жетті. Десек те интернет тілінің ауқымы кең екені белгілі, сондықтан да интернетте қалыптасқан жаңа терминдер мен арнайы интернет сөздер тізімі қолданушылар тарапынан әлі де толығымен меңгеріле қойылған жоқ. Осы сынды символдардың, аббревиатуралардың, жаргондардың қалыптасуы, күлегеш таңбалардың желі жазба тіліне енуі тұрмыс тілінен айырмашылығы байқалмайтын жаңа интернет тілінің қалыптасуына негіз болды.

Желі жүйесіндегі қарым-қатынастың қарқынды дамуы негізінде интернет пайдаланушылары арасында хат-хабар алмасудың қиындықтарын жою мақсатында арнайы интернет жаңа сөздер тізімі күн сайын пайдаланушылар тарапынан қалыптасып келеді. Желіге тән бұл сөздер белгілі бір ұғымды меңзеп, оны жазған кезде екінші тараптағы сұхбаттасушы көп қиналмай, анықтамалық құралдарсыз лезде ұға алады. Мысалы, жер жүзі интернет жазбасы бойынша желі пайдаланушыларына ортақ «луркинг» (ағылшынша

«lurking» - жасырыну) терминін алайық. Дэвид Кристалдың «Language and the Internet» еңбегінде бұл терминге желі пайдаланушысының кез-келген тұстан кез-келген мазмұндағы хат-хабарды қабылдай отырып, оны оқи отырып, оған жауап жазбауы, елемей, мән бермей деген анықтама берілген [1, 53].


Бүгінде осы секілді интернет терминдерінің саны көп және де желіде бұл терминдерді пайдалану интернет қолданушыларының күнделікті қалыпты сұхбаты іспеттес кейіпке айналып үлгерген. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде төмендегі интернет жазба-чатына назар аударайық.

1-сурет



Жоғарыдағы чаттан көріп отырғанымыздай, бүгінгі желі сұхбаты интернет терминдерінсіз іске аспайды. Егер интернет ортасына бұрын-соңды хат-хабар алмасып көрмеген адамды алып, жоғарыдағы мәтінді оқытатын болсақ, оның әңгіменің не жайында жүріп жатқанын ұғуы қиынға түсетіні айдан анық. Өйткені мәтіндегі әрбір сөйлем интернет терминдерінен құралған. Мұндағы «фэйк», «аватар», «модератор», «онлайн» терминдері интернеттің танымал терминдері саналады. Осының барлығы өз ішіне белгілі бір анықтаманы жүктеп, соған тән ұғымды меңзейді. Көбінесе мұндай терминдер ағылшын немесе өзге тілден енген сөздер болып келеді. «Фейк» сөзін алып қарастырайық. Ағылшынша «fake» «жалған» немесе «шындыққа жанаспайтын» деген мағынаны білдіреді, яғни бұл желідегі сұхбаттасушы әлдеқандай бір ақпараттың шынайылығына күмәнданып, сеніңкіремеген кезде пайдаланылатын интернет термині [2]. Интернет пайдаланушылары «шындыққа жанаспайды» деп жазудың орнына дәл осы терминді жазатын болса, кез-келген ұлт өкілі үшін оны түсінуде еш қиындық туындамайтыны белгілі. Өйткені «фэйк» термині интернет алаңында жалпыға тән, ортақ термин саналады. Төмендегі тағы бір мысалға көз жүгіртейік.

2-сурет



Сөйлемдегі «баг» сөзін «қоңыз» деп өз тілімізде жазған кезде, оны ешкімнің түсінбейтінін тағы да күтуімізге болады. Алайда ағылшынның «bug» сөзінен туындайтын бұл терминді «қоңыз» демей-ақ, өз термин қалпында жазатын болсақ, онда сөйлемдегі термин интернет сайты немесе бағдарламаның қателіктерінен хабар беріп тұратын сөз екенін лезде түсінуге болады. Осы сынды интернет терминдер қатарын бүгінде желі пайдаланушылар сөздігінен түспей келе жатқан төмендегі ең танымал терминдер тізімімен толықтырып өтейік.

Нуб - ағылшынның «newbie» сөзінен туындаған, аударғанда «үйренбеген немесе жаңадан келген» деген мағынаны білдіреді. Яғни, әдетте бұл интернет ортасына жаңадан келуші адамдарға қатысты жұмсалады.

Аватар - интернет қолданушының форумдарда, әлеуметтік желілерде және басқа да интернет ортасындағы виртуалды суреті, графикасы.

Модератор - ағылшын тілінде «moderator» - «төреші, делдал» ұғымын береді. Интернетте бұл сөз форум немесе басқа да желі ортасындағы қадағалаушы адамға қатысты айтылады. Модератордың жұмысы - форумдағы пікірталастың берілген тақырыпта болуы мен форумға қойылған талаптар және жалпылама ережелердің бұзылмауын қадағалау.

Онлайн - «on-line» - дәл осы жерде, осы уақытта желіде болу, желіге қосылу, көру.

Бан - ағылшын сөзі «ban» «тыйым салу, рұқсат етпеу», яғни интернет қорларына тікелей шектеу деген мағына береді.

P.S. - ағылшын сөзі «post scriptum» «ақырғы сөз, соңғы сөз» деген мағынада айтылады, қысқартылып «P.S.» деп жазылады.

Домен - «домен» – интернет сайтының интернеттің белгілі бір аумағына жататынын білдіретін бөлігі. Мысалы, kz, ru, com.

Домендік есім - интернеттегі сайттың өзіндік мекен-жайы. Мысалы, «blogspot», «massagan» және тағы басқалары. «Домен» мен «домендік есім» қосылып, мысалы, «massagan.com» сынды интернет мекен-жайлары қалыптасады.

Флуд - ағылшын сөзі «flood» тікелей аударғанда «су тасқыны» дегенді білдіреді. Адамдар форумдарды немесе басқа хат-хабар алмасатын желі орталарын өзінің мағынасыз сөздерімен былғағанда қолданылатын термин. «Флудты» таратушы адамды — «флудер» деп атайды.

Дорвей - бұл да ағылшынның «doogway» сөзінен шыққан. «Дорвей» деп басқа жаққа бұрғыш сайттарды айтамыз. Мысалы, сіз нақты бір ақпаратты іздеп, соның сілтемесіне басасыз, бірақ сіз ақыр соңында басқа бір ақпарат сайтынан бір-ақ шығасыз, бұлар «дорвейлік сайттар» саналады.

Браузер - интернет қолданушыға интернеттегі сайттарды қарауға жәрдемдесетін жүйе. Әлемдегі ең кең қолданылатын браузер - «Internet Explorer». Сол секілді «Firefox», «Opera» сынды әлемге танымал браузерлердің бар екені белгілі.

Блог - бұл интернетте орналасқан, жарияланған күнделік. Мұнда әрбір жазбаға пікір жазып қалдыруға болады. Блогтар белгілі бір мақсатта арнайы тақырыптарға құрылады.

Пост - интернет күнделіктердегі жазбалар, бұл көбіне блогтарда кездесіп жатады. «Пост» ресми термин саналмайды, бұл «слэнг» іспеттес. Ағылшын сөзі «post» қазақшаға аударғанда «жариялау» дегенді меңзейді.

Спам - электрондық пошта иесінің рұқсатынсыз жіберілген, жарнамалық хабарламасы бар сілтемелік хат немесе желілік қоқыс. «Спам» жіберу интернет этикасы мен заңдарын бұзу болып есептеледі. «Спам» жіберушілер «спамерлер» деп аталады.

Форум - ағылшын тілінде «forum» «конференция, құрылтай, еркін пікірталас» дегенді білдіріп, белгілі тақырып аясында интернет пайдаланушылардың әңгіме құруы үшін құрылған сайттың бір бөлшегі. «Форумды» белгілі бір көзқарастағы адамдардың «клубы» десек те болады.

Чат - ағылшын тілінде «chat» «әңгімелесу, сөйлесу» деген ұғымға ие. «Чат» нақты уақытта тез хат алмасуды іске асырады.

WebMoney - бұл интернет желісінде қаржы есебін жүргізу жүйесі, «электронды немесе

виртуалды ақша» дегенді білдіреді.

Логин - бұл белгілі бір аккаунт атауы. «Логин» жүйеге ену үшін қолданылады.

Портал - ауқымды ақпараты бар сайттар жүйесі.

Троян - компьютерлік вирустың интернет тіліндегі атауы. Көбінесе электрондық пошта арқылы интернет қолданушының компьютеріне немесе корпоративтік желілерге кіріп, ондағы сақтаулы құпия сөздер, кодтар, телефон нөмірлері мен несие карточкаларының номерін заңсыз алып, оны жасаушыға әкеліп отырумен айналысады [3].

Күн сайын жаңарып отыратын интернет терминдерінің қатары соншалықты көп, тіпті оларды түгелдей жаттап үлгеру мүмкін емес, сондықтан да көптеген интернет пайдаланушылары бұл терминдердің түпкі мағынасын я түсінбейді, яки шатыстырып жатады. Интернет алаңында тек терминдер жүйесі емес, қарапайым сөздер де интернет тілін қалыптастыруға атсалысады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Сәбира Сағымбекқызының айтуынша, интернеттегі жаңа сөздер, терминдер, интернет жазба тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуының барлығы интернет коммуникацияға тән құбылыс. Бұл интернет қолданушылар арасында бұрыннан бар жағдай және алдағы уақытта да солай бола береді [4].

Түркиядағы Хаджетепе университетінің профессоры Сулейман Сади Сеферұлы осы оқу орнында 76 білім алушының интернет ортасындағы жазбаша сұхбат тіліне қатысты зерттеу жұмысын жүргізіп, оның нәтижесін өзінің зерттеу еңбегінде жариялаған еді. Зерттеу бойынша тіл маманы студенттердің интернеттегі тілдік ерекшеліктерін, дәлірек айтқанда, интернет жазбаша сұхбатта сөздердің қысқартылу әдісі мен интернет терминдерінің қаншалықты жиі қолданылатыны жайында сұраққа жауап іздеген. Зерттеу сауалнамасы көрсеткендей, нәтиже төмендегідей көрсеткішке ие.

1-кесте

Желіде сөздерді қысқарту тәсілі бойынша жастардың пікірі көрсеткіші


	Саны	%
Еш қолданбаймын	10	13.2
Сирек қолданамын	6	7.9
Кейде қолданамын	19	25
Жиі қолданамын	25	32.9
Әркез қолданамын	16	21
Жалпы көрсеткіш	76	100

Кестеде берілгендей білім алушылардың көбі уақыт ұтымдылығы мақсатында сөздердің интернетте қысқартылып жазылуын құптайтындықтарын білдірген. Сөз тұлғасын еш қысқартпай қолдануды дұрыс санайтын тәжірибеге қатысушылар саны тек 13.2%-ды құраған. Осы көрсеткішке қарай отырып, жалпылама алғанда сұхбат барысында сөздердің қысқартылуы қысқартылмай жазуға қарағанда жоғары көрсеткішке ие екеніне көз жеткізе аламыз. Мысалы, түрік тіліндегі «sn gelmiş» (sen gelmişsin), «yoksn» (yoksun), «bn» (ben), «her gn» (her gün), «bz snnle ztn» (biz seninle zaten), немесе қазақ тіліндегі «см» (сәлем), «сб» (сау бол), «жарайд» (жарайды), «раха» (рахмет), «боватыр» (болып жатыр), «кеп кетті» (келіп кетті) секілді сөздерде дауысты дыбыстың түсіп қалуы интернет тіліне тән белгілер болып саналады [5].

Осындай тілдік құбылыстар, интернет терминдері бүгінде тек интернет алаңында емес, сонымен қатар тұрмыс тілінде де қолданысқа бірте-бірте еніп келеді. Осыған қатысты өз қандастарымыз арасында «Интернет тілін күнделікті тұрмыс тілінде пайдаланасыз ба?» деген сұрақ аясында сауалнама жүргіздім. Сауалнамаға қатысқан 30 адамның жауабы төмендегі диаграммада көрсетілген.

1-диаграмма

Интернет тілін күнделікті тұрмыс тілінде пайданасыз ба?



19.8 % - жиі

46.2 % - кейде

Саулнамаға қатысушылар, әсіресе, жастар қатары интернет тілін тұрмыс тілінде өзгелерге карағанда әлдеқайда көп қолданатындықтарын білдірді. Демек, бүгінде интернет терминдерін тұрмыс тілінде пайдалану ыңғайлы және жеңіл деп болжам жасай аламыз.

Жаңа ғасыр мен оның жаңа талаптары қарым-қатынаста жаңа тілдік байланыстардың тууын қажет деп санайды немесе ол ескіден жаңа түрге түрленуді қолдайды. Бұл өзгерістер тілдің жаңа формаларын қалыптастыра отырып, интернет қарым-қатынасының ғана емес, сондай-ақ күнделікті тұрмыстың тілдік құрылымын өзгертуге әкеліп соғатыны белгілі [1, 64]. Осыған орай, Дэвид Кристалдің ойынша, интернет тілі өзекті бола отырып, өзінің қалыптасуы жағынан назардан тыс қалмауды талап етеді.

Қай кезеңде, қандай заманда, қай ортада болмасын тілімізде өзгешеліктер мен жаңалықтардың болуы – ол заңдылық. Интернетте жаңа сөздердің пайда болуы бүгін жылдам дамиды үдеріс. Тілдің кез-келген ортада дамуы қоғам дамуымен тікелей байланысты болса, интернет тілі де қоғамдық өзгерістерден шетте қалмайды. Интернет ортасындағы желі терминдерінің күн сайын толығып отыруы интернет тілінің өз алдында дамып келе жатқанынан хабар береді. Желі тіліндегі осындай өзгерістер тілдік қорды толықтырып, оның компоненттерін жетілдіріп, тілге жаңа өзгерістер әкелуімен бүгінде құнды. Жаһандану дәуірінде «интернет тілі» атты жаңа тілдік жазу стилінің қалыптасуы тіл тарихында үлкен жаңалық болып таңбаланып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Crystal D. «Language and the Internet», Cambridge, 2004, 272 б.
2. Walt H. «Glossary of internet terms» 2012, 592 б.
3. Miri, «Интернетте кеңінен қолданылатын термин сөздер», «www.paidaly.blogspot.com»
4. Сатыбалды А. «Чаттардағы сәнді тіл», «www.kerek-info.kz»
5. Seferoğlu S. «Öğrencilerin internet ortamında kullandıkları yazılı sohbet dili üzerine bir araştırma» Kayseri, 2013, 64 б.

ӘОЖ 821.512.122: 82-10

ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СЫНШЫЛДЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Жалғасова Жазира Ермаханбетқызы

jalgassova.zh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті
кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - А. Ә. Үсен

Қазақ халқының философиялық – қоғамдық ой пікірлерін зерттеу XX ғасырдың басынан қолға алынды. Бірақ бұл зерттеулерде сыңаржақ көзқарас басым. Ол кезде қоғамдық